

Түрік Республикасына ізгілік көмегін көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 тамыз N 1204

Түрік Республикасына 1999 жылдың 17 тамызында жер сілкінісінің зардаптарын жою жөнінде ізгілік көмегін көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі құрамына Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің құтқарушылар отрядының өкілдері, Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Апаттар медицинасы орталығының медициналық қызметкерлері және Сыртқы істер министрлігінің бір аудармашысы кіретін саны 20 адамдық жедел топты табиғи апат ауданына 14 күн мерзімге авариялық-құтқару жұмыстарына қатысу үшін жіберуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ жедел топты пайдаланылатын автомобильдер мен авариялық-құтқару жабдықтары үшін жанар-жағар материалдарымен қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне жедел топты ұшақты оқиға болған орынға жіберу және арнаулы рейске қызмет көрсету үшін 9,5 млн. теңге бөлсін.

3. "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Алматы-Стамбул-Алматы бағыты бойынша ұшақтың арнаулы рейсін өз ресурстары есебінен ұйымдастырсын, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне осы мақсаттар үшін бөлінген қаражаттың есебінен жұмсалған шығындарды кейін өтеумен, Стамбул қаласының әуежайында ұшақты қою мәселесін шешсін.

4. Сыртқы істер министрлігі жедел топтың мүшелері үшін қызметтік төлқұжаттар мен жолға шығу құжаттарын жедел тәртіппен ресімдесін, Түрік Республикасы Үкіметінің және жүргізілетін Авариялық-құтқару жұмыстарын үйлестіру жөніндегі орталықтың өкілдерімен қажетті келісуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен жедел топтың мүшелеріне қолданылып жүрген нормалар есебінен іссапар шығыстарына валюталық қаражат берілуін қамтамасыз етсін.

6. Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекаралық қызметі (келісім бойынша), Қорғаныс министрлігі жедел топ мүшелері бар ұшақтың арнаулы рейсі кедендік бақылаудан өтуге және шекарадан жедел өтуіне байланысты мәселелерді шешсін.

7. Министрліктер, агенттік, ведомстволар, ашық акционерлік қоғам осы қаулыда көзделген тапсырмалардың 1999 жылдың 19 тамызына дейін мерзімде орындалуын

қ а м т а м а с ы з

е т с і н .

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК